



Ата – аналармен өткізілетін
2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты: Ата-аналармен сенімді қарым-қатынас құру. Жанұя мен бөбекжайдағы ата-аналардың тәрбиелеу белсенділігін барынша дамыту және балаларды жан-жақты дамытып, тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу.

К/с	Іс – шаралар тақырыбы	Жұмыс түрі	Уақыты	Жауапты
1	1.«Кәнекей, танысайық!» Ширату ойын «2 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың психикалық даму ерекшеліктері. Ата –аналарға кеңес 2.Ата-аналарды топтың 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарымен, режимдік сәттермен таныстыру 3.Ата-аналармен келісім шартқа отыру, келісім шарттың міндеттерімен танысу. 3. Ата – аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау.	Топтық ата-аналар жиналысы	Қыркүйек	Г.Терискенбаева М. Нұсқабаева Психолог: Г.Абдуллаева
2	«Әсем гүлдер»	Табиғат бұрышын гүлдермен толықтыру	Қыркүйек	Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева
2	«Денсаулығы баланың , қуанышы ананың!» Аналар мектебі	Ата-аналарға кеңес	Қыркүйек	Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева
3	«Менің сүйікті кітабым!»	Кітап бұрышын толықтыру	Қазан	Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева
4	«Балабақшада біз не істейміз?»	Фото стенд	Қазан	Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева
5	Режимдік сәттер бойынша ұйымдастырылған іс –әрекеттер	Ашық есік күні	28- қараша	Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева
6	Аналар мектебі «Баланың балабақшаға бейімделуі»	Танымдық кеңес	Қараша	Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева

7	1.Оқу-тәрбие жұмысындағы қыркүйек,қараша, желтоқсан айларының қорытындысы 2. «Дені саудың –жаны сау!» Баяндама 2.Жаңа -жыл мерекесіне түсіндірме жұмыстар. 3.Ата-аналармен байланыс Ұсыныс, тілектер	Топтық ата-аналар жиналысы	Желтоқсан	Г.Терискенбаева М. Нұсқабаева Мед бике: Ұ.Байрбекова Ата-аналар
8	Әкелер мектебі «Әке асқар тау»	Жадынама	Қаңтар	Психолог Г. Абдуллаева, Тәрбиешілер
9	Шабыт Домбыра күні Ата -анамен бірлесе отырып бала бойына ұлттық құндылықтарды дамыту	Көрме	Ақпан	Тәрбиешілер, ата-аналар
10	«Әже ертегі айтшы ...» Әжелер мектебі	Әжелер ертегісі	Ақпан	Тәрбиешілер, саз жетекшісі,әжелер
11	Режимдік сәттер бойынша ұйымдастырылған іс -әрекеттер	Ашық есік күні	27 ақпан	Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева
12	«Шын жүректен кітап сыйла» Халықаралық балалар кітабы күні	Челлендж	2 сәуір күні	Тәрбиешілер, ата-ана
13	«Атадан өсиет, анадан қасиет» Аналар, әкелер мектебі	Жобалау іс-әрекеті	25 сәуір	Тәрбиешілер , аналар,әкелер.
14	Режимдік сәттер бойынша ұйымдастырылған іс –әрекеттер	Ашық есік күні	21 мамыр	Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева
15	1 .Тәрбиешінің қорытынды есебі 2.Жазғы сауықтыру шынықтыру шаралары 3.«Гүл шоғы»	Топтық ата-аналар жиналысы Тренинг	Мамыр	Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева Психолог: Г.Абдуллаева

«Балдырған бөбекжай бақшасы» «Еркем-ай» тобында 2024 жылы 25 қыркүйекте топтық ата-аналар жиналысы болып өтті

Хаттама №1

Қатысуы тиіс: 15

Қатысқаны: 13

Себебі: 2

Күн тәртібінде:

1. «Кәнекей, танысайық!»

Ширату ойын

2. «2 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың психикалық даму ерекшеліктері.

Ата-аналарға кеңес

3. Ата-аналарды топтың 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарымен, режимдік сәттермен таныстыру

4. Ата-аналармен келісім шартқа отыру, келісім шарттың міндеттерімен танысу.

5. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау.

ТЫҢДАЛДЫ

1. «Келіңіз танысайық» ширату ойынында ата-аналар өз есімін айта отырып, баласының аты – жөнін және ерекше қасиеттерін айта кетті

2. Балабақша психологі Г. Абдуллаева 2 жастан 3 жасқа қараған балалардың психологиялық, физиологиялық даму ерекшеліктері туралы айта келіп, 2 жастан асқан балалар үшін ата-анамен бірлесіп жұмыс істеу барлық кезеңде өте маңызды. Бала өзін бақытты сезіну үшін оған қарым-қатынас қажет, жақын достарымен ойын алаңында, жақын туыстарымен отбасында бірге болуды қалайтынын, бұл жаста баламен тығыз қарқынды түрде жұмыс жасау, ұқыпты және жауаптылық балалардың дұрыс қалыптасуына мүмкіндік беретінін айтып өтті

3. Тәрбиеші Г. Терискенбаева ата-аналарды 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарымен және режимдік сәттермен, ата-аналармен жасалынған келісім шарттармен, келісім шарттың міндеттерімен таныстырды

Сонымен қатар, топта ата-аналармен біріге отырып жұмыс жасау тиімділігі, жыл бойында атқарылатын жұмыстар, топ бұрыштарына ата-аналардың қосатын үлесі жайлы айтып өтті.

4. Тәрбиеші Г. Терискенбаева ата-аналар комитетінің атқаратын қызметі жайлы айта отырып, биылғы жылғы ата-аналар комитетінің төрайымын, құрамын сайлап алуға ұсыныс білдірді.

Жарыссөз

Ата-ана Еликбаева Жанат: ата-аналар комитетінің төрайымына ата-ана Елубаева Озипа, ата-аналар комитетінің құрамына Елшібаева Нұрсәуле, Төребекова Ардақ лайық деп өз пікірін білдірді. Бұл пікірді ата-аналар бір ауыздан қолдады

ШЕШІМ ЕТТІ

- 1.Балалардың дұрыс дамуына ұқыптылықпен, жауапкершілікпен қарау жүзеге асырылсын!
- 2.Жыл бойында атқарылатын жұмыстар ата -аналармен бірлесе отырып жүргізілсін!
- 3.Ата –аналар комитетінің төрайымына ата-ана Елубаева Озипа, ата –аналар комитетінің құрамына ата –ана Елшібаева Нұрсәуле, Төребекова Ардақ сайлансын.

Ата –аналар комитетінің төрайымы:  О. Елубаева

Хатшы :

 М. Абдраманова

2 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың психикалық даму ерекшеліктері.

1-3 жасқа дейінгі кезең сәбилік кезең деп аталады. Осы кезде баланың психикасы да, денесі де ерекше қарқынмен дамиды, бала өмірінің алғашқы жылында өзінің денесінің мөлшері ғана емес органикалық саналы өзгешеліктерімен, сондай-ақ мінез құлықтарымен де ерекшеленеді.

Бұл кезеңде баланың басы біршама үлкен, кеудесі ұзын, аяғы қысқа болады. Осы кезде бұлшық еттері де баяу дамиды. Сүйегінің көптеген бөлігі әлі шеміршек болады; кейінірек сүйекке айналады. Бала өмірінің алғашқы жылында жүрегі жылдам соғады, жүрегінің жиырылу көлемі де шамалы болады.

Қан тамыры белгілі бір ырғақпен соқпайды. Бала кеуде клеткасының кең болуына байланысты, олар үлкендерден үш есе жылдам дем алады. Осы кезде бала организмі ерекше қарқынмен дамиды. Бірақ бұлшық еттері баяу жетіледі. Сондықтан үлкендерге қарағанда ас қорыту жүйесі организмінің жұмысы әлсіз болады.

Бала өмірінің алғашқы жылында көбіне сұйық тамақпен тамақтандырылады. Алғашқы жылы туғандағымен салыстырғанда бойы 1,5 салмағы 3 есе артады. Екі жасқа келгенде салмағы 200-250 гр қосады.

Бойы ай сайын 1 см өсіп отырады.

Сүйек шеміршектері сүйекке айналып, екі жасқа келгенде 20 сүт тісі болады, бұлшық еттері дамиды, тыныс алуы баяулап бірқалыпты ырғаққа келеді.

Бір жастың соңында баланың миының салмағы 780-800 гр болады. Осы кезде ай сайын 30 грамнан қосылып отырады. Үш жаста миының салмағы 1100-1200 ге дейін болады. Осыдан кейін мидың салмағы артуы баяулайды, 7 жасқа дейін 1250 гр болады. 8-9 жасқа келгенде 1300гр, 15 жасқа келгенде 1350, 21 жасында мидың салмағы тұрақталады.

Баланың жоғарғы жүйке жүйесі алғашқы жылдары тез дамиды. Балаларды әрдайым таза ауаға шығару маңызды, күннің немесе желдің сәби бетінде сезілуі, бөтен адамдармен кездесуі, жануарлар мен өсімдіктер- бұның бәрі бала дамуына әсер етеді. таза ауада жүргенде төменгі температурадан абай болу керек, күннің қатты сәулесінен қорғау маңызды. Ауа температурасы 7 градустан төмен болса сыртқа шыкпаған дұрыс. Әрдайым ауа-райына байланысты киіндірген жөн.

Ал екі жасқа келген балалар өз бетімен жүріп, тұрудың сойлеу дағдыларын иемденіп негізгі сенсорлық этолондарды меңгереді.

Эмоциональды көңіл-күй пайда болады, көздеген максатына жеткен кезде қуану, дәміне қарай тамақты тандау дағдылары қалыптасады. Өзіне жақын адамдарларды танып эмоциясын білдіреді.

Бұлшық ет жүйесі бекіп, қасықты жұдырықтап ұстай алады.

2-3 жасқа дейінгі балаларда ағзаның барлық жүйелері мен қызметтері қалыптасады.

Бойы 90 см, денесінің салмағы 14-15 кг, кеудесінің көлемі 50-52 см болады.

Екі жас үш айда баланың психикасы мен интеллектінің белсенді дамуы қарқынды түрде жалғасады. Бала әлем туралы көбірек жана білім алады, сондай-ақ салыстыруға, талдауға, қорытынды жасауға үйренеді. Бала үшін ата-анамен бірлесіп жұмыс істеу барлық кезеңде де өте маңызды. Бала өзін бақытты сезіну үшін оған қарым-қатынас қажет. Бұл жаста ойнау тек көңіл көтеру емес, дамудың да алғышарты.

2 жас 3 айлық баланың физиологиясы

Екі жастан кейін бала құрдастарымен – ойын алаңдарында, жақын туыстарымен – шаңырақ астында тығыз қарым-қатынаста болуды қалайды. Сәбидің денсаулығын сақтау және оның иммунитетін қолдау үшін жоспарлы екпелерге қатысты дәрігердің ұсынымдарын орындаңыз – олар баланы қауіпті аурулардың ауыр зардаптарынан сақтандырады. Баланың дене бітімінің қалыпты дамуы маңызды рөл атқарады. Көбінесе балаға жазда шөпте немесе құмда жалаң аяқ жүруге мүмкіндік беріңіз, онымен бірге су ваниаларын қабылданыз. Таза ауада мүмкіндігінше көп уақыт өткізіңіз. Жазда қалыптастырған мықты Иммунитет жыл бойы зиянын келтірер бактерияларға қарсы тұрады.

2 жас 3 айлық баланың психологиясы

2 жас 3 айлық уақыт өз-өзін дамытып, жаңа дағдыларды қалыптастыру үшін өте қолайлы. Бала өзін еркін сезінуге ұмтылып, ата-анасының көңілінен шығу үшін бәрін дұрыс жасауға тырысады. Егер белгілі бір нәрсені орындау лайықты деңгейде орындалмаса, қамықпаңыз. Мүмкіндігінше баланы еркін ұстап, өз ойын жеткізуге тырыса білетіні үшін мақтаңыз, егер әлдебір нәрсе дұрыс болмаса, ұрыспаңыз, күлмеңіз.

Бала үш жасында оқиғалар арасындағы байланыстарды түсіне бастайды. Қорытынды жасай білу – баланың психологиялық дамуындағы сапалы жаңа кезең. Бұл кезеңде логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған ойындар арқылы баланың деңгейіне бақылау жүргізу ұсынылады.

2 жас 3 айлық бала не істей алады:

- тегіс емес, ой-шұқырлары бар жерлері бар жолмен жүру, жолдағы белгілі бір шағын кедергілерден өту;
- 10-15 см биіктіктен ескіру;
- допты екі қолмен лақтыру, тіпті кейде жақын қашықтықтан сіз лақтырсаңыз қағып алу;
- үш-төрт сөзден тұратын қысқа сөйлемдермен сөйлеу;
- кеседен өз бетінше іше алу, қасық пен наныңқыны ұстап тамақтану;
- гардеробыңыздан өз бетінше киіне алу;
- тіс жуу;

2 жас 3 айлық баланың ата-аналарына кеңестер

Балаңызбен мүмкіндігінше жиі жұмыс жасаңыз, оны бірлескен түрде болатын іс-шараларға қатыстырыңыз. Тиісінше оны тәуелсіз, ұқыпты және жауапты болуға үйретіңіз. Бұл кезеңдесіз неғұрлым көптеген жаңа дағдылар мен қабілеттерді ашуға күш салсаңыз, балаға алдағы уақытта соғұрлым жеңіл болады. Қазір баланың психикасы пластилинге ұқсайды, одан көп қалып жасап шығаруға болады. Әрине, баламен бұл жаста тығыз, қарқынды түрде жұмыс жасау арқылы сіз болашақта өз күш-жігеріңіздің жемісін көресіз.

Денсаулығы баланың, қуанышы ананың!

(Ата-аналар келесі)

Балам дұрыс дамып келе ма? - деген сұрақ әр ананың көкейінде жүреді. Екі жастағы бала негіз үйрену керек, әр баламыз өзінің жеке ерекшеліктері бар. Қазір сіздің баланың не істеп жүрсе де, оның жалпы дамуына әсер етпейді. Егер бір бала оңай жасаса, келесі бала оны жасамауы да мүмкін. Бірақта 2 - жастағы балалардың аз болса да дағдылары бар:

Біріншіден физикалық және психологиялық дамуы бір-бірімен тығыз байланысқан.

2 жастағы дені сау бала келесі қимыл-қозғалыстарды өзі жасау керек:

- 1.Кедергілерді аттан өту;
- 2.Секіре білу, адымды жүгіріске ауыстыру, шағын баспалдақпен жүру;
- 3.Дөңгелек кезімен, аяқпен ойнау;
- 4.Тене- теңдікті сақтау, биік емес жерлермен жүру;
- 5.Кітапшалардың әр беттерін ашып қору;
- 6.Музыка арқылы билеу;
- 7.Көзденен, тігінен сызықтарды қарындашпен немесе бормен сызу.

Екі жастағы бала қорқыныш сезімін білмейді, денсаулығына қауіпті болатын әрекеттерді істейді, сондықтан ата-аналар жаракат алып қалмау үшін, әрбір әрекетін қадағалап отыру керек.

Екіншіден, ұсақ моторикасын дамуына көңіл бөлу керек, өйткені баламыз сөйлеуін дамуы осыған байланысты.

Үлкен заттарды: моншақты жинау, тесу, тасбұрышпен ойнау, ұсақ тастармен, қорапқа біртіндеп салу арқылы, ермексаз тағы биеқа ойындар арқылы ұсақ моторикасы дамиды. Екі жастағы бала заттармен ойнағанда ересек адам қадағалайды, өйткені жұтып қоюға немесе таныс жолшырына тұрып қалмауын қадағалау керек.

Үшіншіден, екі жасар баланың сөйлеуінің даму ерекшелігі, сөйлеу дағдысы әлі күнге дейін нәзік таласта келе жатыр. Кейбір балалар екі жаста ересектермен бірге тақпақтарды қайталайды, кейбіреу тек «ана», «әке» деп қана айтады, бірақ бұл ауытқуға жатпайды. Сөйлеуді дамытуда байланысты факторлар әртүрлі. Ұлдарға қарағанда қыздар ерте сөйлейді. Балабикшаға келген балалар да ерте сөйлей бастайды. Екі жастағы баланың сөздік қоры 200 сөзді құрайды екен.

Сөйлеу дағдылары бойынша:

- 1.Дыбыстық талдау дұрыс айтылуына байланысты;
- 2.Үлкендер айтқанын қайталағанда мазмұнын түсінбеу;
- 3.«Бұл не?»- сұрағына белсенді жауап беру;
- 4.Өзі туралы үшінші жақта айту;
- 5.Сөйлемді құрастырғанда үш сөзден жоғары болуы;
6. 3-5 сөйлемнен мәтін құру;
- 7.Үлкен-кіші, жоғары-төмен, ұзақ-тез ажырата білу;
- 8.Өзіне таныс заттарды суреттен немесе әрекеттен білуі;
- 9.Өзінің атын, туысқандарының атын айтуы;
- 10.Өзінің жасын айтады;

Ең басты ата-аналар балаға анық айту керек, сөздің мағынасын түсіндіріп қайталау керек.

Төртінші, көңіл - күйдің (эмоциональдық) дамуы. Екі жастағы бала түсінеді, ол жеке тұлға оның ойымен санасу керек. Оның эмоциональдық дағдылары келесіден тұрады:

- 1.Жақындарына шулы эмоцияны көрсетеді;
- 2.Қуаныш пен наразылығын білдіреді;
- 3.Өзінің келіспегенін іс-әрекетінде жадау арқылы көрсетеді;

4. Анасымен бірге болғанда, басқа балалармен қызықты қарым-қатынаста болады;

5. Достар іздей бастайды;

6. Ойында немесе бір затқа көңілін ұстай алмайды.

Баланы көп уақыт болатын мерекелерге және алыс жолға апаруға болмайды.

Бесіншідеп, әлеумет-техникалық дағдылар, бала өз бетімен бірдеңе жасағанда табысты бола бермейді. Сондықтан егер бала мазасын алғанда көмектесе отырып, дұрыс жасалуын түсіндіріп, келесі жолы өзі жасағанда дұрыс шығуын қадағалау керек.

Екі жастағы бала не істей алатыны, ата-аналардың өлдеріне байланысты:

1. Өзі тамақ ішін, тамақты төкпей, түсірмей жеуі;

2. Қолып сабынмен өзі жууы;

3. Ата-аналар көмегімен тісін жууы;

4. Қолғап, бас киімін, шұлығын өзі кие алуы;

5. Аяқ киім мен шалбарын өзі киіну мүмкіндігі;

6. Түбекке сұраналы, бірақ шыдамдылығы жетпейді.

Соңғысы, танымдық дағдылары мен ойлары, баланың сөйлеуіне тура байланысты.

Сондықтан ата-аналар баланы көп сөйлесу қажет, барлық әрекетіне көңіл бөлу керек, түсіндіру, көрсету, сұрақтарына жауап беру.

Екі жастағы баланың танымдық дағдылары мыналар:

1. Заттарды ажырата алады: үлкен-кіші, жылы-суық;

2. Өз бетінде 6 -бұрышты піраммиданы көлеміне қарай жинайды;

3.8- түсті ажырата алады;

4.Түсі, өлшемі, формасына қарай топтастырады;

5.Негізгі геометриялық пішіндерді біледі; шеңбер, үшбұрыш, шаршы;

6.Жаттығу элементтерін немесе билің қимылытарын қайталайды;

7.Бір затты екінші затқа оңай салады, мысалы, матрешка

8.4-элементтен тұратын пазлды құрастырады.

Екі жастың өзінде бала үлкендерге еліктейді. Сол кезде тыйым салуға болмайды. Үй жинағанда қолына шүберек беріп, шап сүртуге, еден жууға, ойыншықтарын жинастыруға, апасына тұшпара түюге, ыдыс жууға көмектестіру керек. Баланың қамқорлығына мүмкіндік беріп, мақтап, құшақтап, бетінеп сүйіп мадақтап отырған дұрыс.

Егерде сізде баланың сөйлеуінде күмән келтірсеңіз невролог-дәрігерінен кеңес алыңыз, ауытқуы бар ма анықтап, қалай емделу керектігін тағайындайды.

Баланың балабақшаға бейімделуі

Ата-аналарға арналған кеңес

Танымайтын ортада жарты сағат болудың өзі балаға өте ауыр тиеді. Сондықтан алғаш балабақшаға барған бала жана ортаға бірден бейімделіп кете алмайтындықтан, ата-аналарға бірнеше ақыл-кеңес ұсынамыз: Баланы бөгде (тыныс емес) адамдармен, үлкендермен, балалармен қарым-қатынас жасауға бейімдеңіз.

Балалар саябағына, мерекелерге, ойын алаңдарына үнемі апарып, құммен ойнауға үйретіңіз. Достарының туған күніне балаңызбен бірге барып, өзін қалай ұстайтынын бақылыңыз (ұялшақтығы, балалармен тіл табысуы, еркін сезінуі т.б.)

Мамандардың айтуынша баланың балабақшаға баруы өте маңызды. Балабақшада тәрбиеленген бала мектепке баруға ғана дайындалып қоймай, психологиялық әлеуметтік тұрғыдан да дайындалады. Егер қолыңыз бос болса, баланы төртке толғанша анасы өзі баққаны дұрыс. Себебі, бұл жасқа дейін сәби анасына тым жақын болады да, анасынан бөлек өмірге көңісі келмейді, қыс бойы ауырып, мазасы кетеді.

Балаңыз балабақшаға берердің алдында балабақшамен және тәрбиешімен, балалармен таныстырып, баланың назарын таныс ойыншықтарға аударыңыз. Балаңызға не ұнайтынын, не ұнамайтынын, қандай дағдыларды меңгергендігін, қандай көмек керек екендігі, мадақтау мен жазалаудың қандай түрін қолдану тиімді анықтап алаңыз.

Алғашқы күні балаңызды балалардың серуені кезінде алып келіңіз. Бұл орын үйіңіздің алдындағы аулаға ұқсайтындықтан, бала көп жатсына қоймайды, балалармен, тәрбиешімен танысуға ыңғайлы.

Егер бала бейтаныс адамдарға жақындамаса, күштеп, зорлап әрекет жасаудан аулақ болыңыз. Бала бейтаныс адамдарға біртіндеп үйренеді.

Балаңыз балабақшаға алғаш келген күні жалғыз қалдырмаңыз. Алғаш уақыт болса да, балаңызды қасында болыңыз. Жаңа ортада анасының қасында болуы баланың сенімділігін арттыра түседі.

Баланың балабақшада болатын уақытын көбейте отырып, үйдегі жағдайды балабақшадағы күн тәртібіне ұқсас ұйымдастырыңыз, балаңызды өз бетімен киінуге, шешінуге, тамақтануға, беті-қолын жууға т.б. үйретіңіз.

Басқа балалардың жылағанын көрмес үшін балаңызды балабақшаға сәл кештеу әкеліңіз. Алайда, бұл жөнінде тәрбиешімен ақылдасып алуды ұмытпаңыз.

Кешке жақын балаңызды балабақшадан алып қайтарда ата-аналар балаларына қалай келетінін, қандай көңіл-күймен қарсы алатынын, балалар бір-бірімен қалай қоштасатынын бақылаңыз. Бұл балаңызды балабақшаға еркін келуіне жол ашады.

Балабақшадан қайтарда баланың кіммен достасқаны, қандай ойыншықпен ойнағаны туралы сұрап біліңіз. Жаксы істеріне үнемі қолдау көрсетіп отырыңыз.

«Балдырған бөбекжай бақшасы» «Еркем-ай » тобында 2024 жылы 25 қыркүйекте топтық ата –аналар жиналысы болып өтті

Хаттама№2

Қатысуы тиіс:15

Қатысқаны:13

Себеппі :2

Күн тәртібінде:

- 1.Оқу-тәрбие жұмысындағы қыркүйек,қараша, желтоқсан айларының қорытындысы
2. «Дені саудың –жаны сау!» Баяндама
- 3.Жаңа -жыл мерекесіне түсіндірме жұмыстар.
- 4.Ата-аналармен байланыс
Ұсыныс, тілектер

ТЫҢДАЛДЫ

- 1.Тәрбиеші Г. Терискенбаева оқу тәрбие жұмысындағы қыркүйек, қараша, желтоқсан айындағы атқарылған жұмыстарды ата –аналарға таныстырып өтті.

Қыркүйек айында балалар жаңадан таныс емес ортаға келіп, біраз қиындықтар болғанын, ал қазіргі таңда балалар балабақшаға үйреніп, жас ерекшелігіне сәйкес ашық іс –әрекеттер, сауықтыру іс –шараларына қатысып, мерекелік ертеңгіліктерде өз өнерлерін көрсетуге біршама бейімделіп келе жатқанын айтып өтті

ТЫҢДАЛДЫ

2. Балабақша мед бикесі Ұ. Байырбекова «Дені саудың –жаны сау!» тақырыбындағы баяндамасында денсаулықты күтіп баптаудың бірден-бір жолы - дұрыс тамақтану. Қазіргі таңда күйбең тіршілікке бар уақытын арнап жүрген адамдар тамақтану әдебіне салғырт қарайтыны жөнінде айтып өтті. Күнделікті тамақтануға ерекше көңіл бөліп, тамақ құрамының құндылығына назар аудару қажет екенін айтып өтті.Балаларға тәттілерді көп беруге болмайтынын ескерте отырып,денсаулыққа ең пайдалы тағам түрлері: сүт, балық, жұмыртқа, алма, жаңғақтар, каражидек, анар, пияз-сарымсақ және қызыл ет адам ағзасына өте пайдалы екенін айтып өтті. Сонымен қатар , балалар үшін таза ауада серуендеу, сауықтыру шынықтыру шараларын үнемі қолдану, мәдени –гигиеналық шараларды сақтап жүрудің денсаулыққа пайдасы зор екенін айтып өтті

- 3.Тәрбиеші Г. Терискенбаева балаларға жаңа-жыл мерекесі туралы түсінік қалыптастыру, мерекеге қызығушылығын арттыру мақсатында «Кел, жаңа –жыл! атты мерекелік кешке дайындық жүріп жатқаны туралы айта келіп, ата -аналардың балалардың мерекеге арналған киімдеріне көмектесуге атсалысуын өтінді.

Ата -аналар бұл ұсынысты қолдай келіп, балаларға шырша, аяз ата киімін дайындап беруге дайын екенін білдірді

4. Ата- аналардың ұсыныс тілектері айтылып ата- аналармен пікір алмастырылды

Ата–аналар топ тәрбиешілеріне , атқарылып жатқан жұмыстар туралы өз пікірлерін. алғыстарын білдірді

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Балаларды жан жақты дамыту үшін атқарылатын жұмыстар жалғасын тапсын
2. Балалардың ден саулығын сақтап дұрыс қалыптастыру үшін сауықтыру шынықтыру шараларын үнемі қолдану, мәдени –гигиеналық шараларды сақтау жұмыстары іске асырылсын
3. Жаңа -жыл мерекесіне арналған мерекелік ертеңгілікті ата- аналармен бірлесе отырып жақсы көңіл -күйде өткізу іске асырылсын.

Ата –аналар комитетінің төрайымы:  О. Елубасова

Хатшы :

 М. Абдраманова

Дені саудың жаны сау

Ден саудың жаны сау деп бекер айтпаған. Денсаулыққа жақсы күтім қажет. Мысалы дұрыс тамақтану, жаттығу жасаған сияқты.

Денсаулық дегеніміз адамның жаны мен тәнінің амандығы.

Денсаулығың мықты болу үшін салауатты өмір салтын ұстану маңызды. Денсаулықты бала кезден сақтаған жөн.

Ағзада маңызды рөлді минералды заттар ақаратыны белгілі.

Натрий, калий, фосфор, магний ағзамызға міндетті түрде қажет.

Бір элемент ағзада жетіспеген жағдайда ауру туғызады.

Денсаулық адамға берілген басты құндылығы болғандықтан мектепке дейінгі ұйым жүйесінде баланы күту, тәрбие беружұмысында оның денсаулығын қорғау мен сауықтыру шаралары жан-жақты қарастырылған. Мектепке дейінгі жастағы балаларға тәрбиемен білім беру үдерісі Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың стандартына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың бағдарламалары аясында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың стандартына баланың денсаулығын сақтау, шынықтыру мен сауықтыру шаралары «Денсаулық» білім саласында белгіленген. Соның негізінде баланың денсаулығы қоршаған ортасының қолайлы қалыпта болуымен қатар ағзасының саулығына байланысты, мектепке дейінгі ұйымда бала денсаулығын нығайту, дұрыс тамақтану, жйлы күн тәртібін құру, санитариялық талаптардың орындалуын ұйымдастыру медбикеке жүктеледі.

Балалардың дені сау болып, жан жақты дамып өсуіне жүрген ортасы, табиғат сұлулығы, адамдар қарым-қатынасы өте зор әсерін тигізеді. Балалар күнделікті міндетті түрде қалай боласын табиғатпен және неше түрлі жаңалықтармен кездеседі,

Әр күн балаларға өзіндік жаңалықтарын алып келеді,

Сондықтан жақсы көңіл күй, дұрыс ұйымдастырылған тамақтану, ұйқы, демалу, түрлі ойындар баланың денсаулығының кепілі.

Албіздің болашақтағы бағытымыз салауатты өмір салтымыз.

Бүгінгі дені сау ұрпақ – елдің ертеңгі жалғасы.

Дені сау болса, адамның өзі де, жақ-жағындағы адамдарда бақытты. Жаңа ғасыр азаматы – дені сау, рухани бай адам.